

*ҚРҰБ Төрағасының ҚР Үкіметі отырысында
қаржы нарықтарындағы ағымдағы жағдай
жөніндегі түсіндірмесі
Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы 1 наурыз*

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі. Ресей Федерациясы – біздің негізгі сауда әріптесімізге жатады, оның үлесіне Қазақстан импортының 42%-ы тиесілі.

Осыған байланысты **геосаяси жағдайдың** шиеленісуі және Ресейге қарсы **санкциялардың** енгізілуі **біздің экономикамызға** да ықпалын тигізуде. **Ресей рублінің** айтарлықтай әлсіреуі нәтижесінде **Қазақстанның қаржы нарығына** жасалатын қысым өсе түсуде.

Сыртқы күтпеген өзгерістердің теріс салдарын барынша азайту мақсатында Ұлттық Банк **инфляцияның** айтарлықтай өсу тәуекелдерін жеңілдетуге және **теңгедегі жинақтарды** қорғауға және елдің алтынвалюта **резервтерінің** орынды жұмсалуына бағытталған **шараларды** іске асыруда.

Біріншіден, 24 ақпанда Ұлттық Банк базалық ставканы 13,5%-ға дейін көтеру жөнінде кезектен тыс шұғыл шешім қабылдады. Бұл шешім ұлттық валюта мен инфляция деңгейіне жасалатын қысымды төмендетуге, сондай-ақ **теңгедегі активтердің сақталуына** бағытталды.

Екіншіден, Үкіметпен бірге **Бірлескен іс-қимыл жоспарын** іске асыру тез арада басталып кетті. Бюджет қаражаты есебінен жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы есептеуді көздейтін **Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы** жарияланды.

Үшінші. Базалық ставка өскеннен кейін **халықтың теңгедегі салымдары бойынша** Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұсыныс жасаған **шекті ставкалар** да өсті.

Төртінші. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін ескере отырып, Ұлттық Банк өткен аптада **176 млн** долларға **валюталық интервенция** жүргізді. Біз интервенциялар туралы ақпаратты **жедел** жария етеміз.

Ұлттық Банк нақты уақыт режимінде жағдайдың дамуын бақылап, Ресейге қарсы жаңа санкциялардың Қазақстанның қаржы жүйесіне тигізетін әсерін бағалап отырады. **26 және 27 ақпанда** АҚШ және Еуропа елдері Ресейдің жекелеген банктерін **SWIFT-тен** ажырату және **Ресейдің Орталық Банкі** активтерінің жұмысына **тыйым салу** арқылы Ресейдің қаржы секторына қатысты **бұрын соңды болмаған** шектеу шараларының жаңа топтамасы туралы жариялады.

Ресейге қарсы жаңа санкциялардың Қазақстанның қаржы жүйесіне әсерін барынша азайту мақсатында Ұлттық Банк дағдарысқа қарсы шаралардың келесі кезеңін іске асыруға кірісті.

Бірінші. Кеше сыртқы нарықтардағы жоғары белгісіздік аясында Ресей рублі құбылмалылығының жоғарланған ықпалын алдын алу мақсатында Ұлттық Банк **теңге – доллар** валюта

жұбы бойынша **сауда-саттықты франкфурттық аукцион** режимінде өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, артық құбылмалықты болдырмау үшін Ресей Федерациясында толыққанды сауда-саттық ашылып, Ресейдің Орталық Банкінің шаралары жария етілгенге дейін сауда-саттықты ашу кейінгі қалдырылды.

Сауда-саттық қорытындысы бойынша **теңге бағамы** бір доллар үшін **495 теңге** деңгейінде қалыптасты. **Сауда-саттық көлемі 159,5 млн долларды** құрады. Құбылмалылықтың жоғарылауын ескере отырып, ҚРҰБ-ның **валюталық интервенциялары 98,1 млн доллар** немесе сауда-саттық көлемінің **61,5%-ы** болды.

Екінші. Ресейдің жекелеген банктерінің **SWIFT**-ке кіру рұқсатын бұғаттау **Қазақстан** ішіндегі төлемдерді жүргізуге әсері тимейтінін және елдің төлем нарығына **тікелей қауіп төндірмейтінін** атап өтеміз. Қазақстан банктерінің ел ішінде клиенттік және меншікті **төлемдер** мен ақша **аударымдарын** жүргізу жөніндегі **барлық операциялары** штаттық режимде жүзеге асырылып жатыр.

SWIFT жүйесінен ажыратылған Ресей банктерінің клиенттерімен **трансшекаралық операцияларды** қамтамасыз ету үшін өзара есеп айырысуларды жүргізудің **балама тетіктері** дайындалды.

* * *

Ұлттық Банк нарықтарды қадағалап, **жағдай** бұдан әрі **нашарлаған** кезде **қаржылық және макроэкономикалық**

тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қабылдауын жалғастырады.

Ол үшін Ұлттық Банкте барлық қажетті **құралдар** бар және Ұлттық Банк оларды **орынды** пайдалануда. **Мемлекеттің жалпы халықаралық резервтері** 25 ақпанда **87,7 млрд доллар** (айдың басынан бастап өсім **346 млн доллар**), оның ішінде **Ұлттық қордың активтері – 54,0 млрд доллар**, **алтынвалюта резервтері – 33,7 млрд доллар** болды.

Ұлттық Банк **нарықтық** бағам белгілеуге кедергі келтірмей және белгілі бір бағам деңгейінің **таргеттелуін** болдырмастан, **еркін өзгермелі бағам** кезінде **инфляциялық таргеттеу** режимін ұстануды жалғастырады.

Бұл ретте, біз **қаржылық тұрақтылық** үшін тәуекелдер күшейген жағдайда **валюталық интервенцияларды** жүргізуді жалғастырамыз.

Қабылданатын шаралар кешені **теңгедегі активтердің** тартымдылығын сақтауға, **долларлану** тәуекелдерін және **айырбастау бағамына** қысымды төмендетуге, сондай-ақ **инфляцияның** елеулі түрде өсу тәуекелдерін жеңілдетуге бағытталған.

Назарларыңызға рақмет!